

**Қалалық мәслихаттың 2007 жылғы 21 желтоқсандағы "Қала аумағы мен Ақсу қаласының әкімшілік бағынысындағы елді мекендер құрылысының Ережелері туралы" N 26/5 шешіміне толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2013 жылғы 21 маусымдағы N 131/16 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 23 шілдеде N 3575 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2014 жылғы 20 ақпандағы N 199/28 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 20.02.2014 N 199/28 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 ақпандағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңының 1-бабына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-бабына сәйкес Ақсу қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қалалық мәслихаттың 2007 жылғы 21 желтоқсандағы "Қала аумағы мен Ақсу қаласының әкімшілік бағынысындағы елді мекендер құрылысының Ережелері туралы" N 26/5 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 12-2-79 тіркелген, "Ақжол" - "Новый путь" газетінде 2008 жылдың 17 қаңтарында N 4 жарияланған) келесі толықтыру е н г і з і л с і н :

шешімнің кіріспе бөлігінде заң атауы "Жергілікті мемлекеттік басқару" деген сөздерден кейін "және өзін-өзі басқару" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік және жастар саясаты, заңдылық пен құқықтық тәртіп мәселері жөніндегі тұрақты к о м и с с и я с ы н а жү к т е л с і н .

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*М. Мұқашев*

*Қалалық мәслихаттың хатшысы*

*М. Омарғалиев*